БІЛІМ САПАСЫН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ - IQAA

НҰР-МҰБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ
6В01701-«ШЕТЕЛ ТІЛІ: ЕКІ ШЕТЕЛ ТІЛІ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТТАЙ БАҒАЛАУ ЕСЕБІ

Нұр-Сұлтан қ. - 2020

САРАПШЫЛАР ТОБЫ

Кусбеков Думан Карибекович
Руководитель экспертной группы
Декан факультета философии и психологии, КарГУ им. Е.Букетова кандидат философских наук, доцент.

Закиров Рафис Рафаелевич
Международный эксперт
Проректор по научной работе Российского исламского института, кандидат филологических наук, доцент.

Халед Эльсайед Мухаммед Ганем
Международный эксперт
Главный менеджер бюро по религиозным исследованиям, Министерство по делам Религии, Каир, Египет. Доктор PhD. Исламоведение.

Жумурова Айсулу Кыдыровна
Национальный эксперт
Директор департамента по академическим вопросам «Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга им. Ш. Есенова» кандидат экономических наук.

Алсабеков Мухаммадхусайн Усманович
Представитель работодателей
Советник верховного муфтия ДУМК

Райханова Данара Курмановна
Представитель обучающихся
Докторант 2-го года обучения Университет Сулеймана Демиреля

УРОВЕНЬ СООТВЕТСТВИЯ ОТЧЕТА ПО САМООЦЕНКЕ ФАКТИЧЕСКОМУ СОСТОЯНИЮ ДЕЛ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ: **6B01701 – ИНОСТРАННЫЙ ЯЗЫК: ДВА ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКА *в* Египетском университете исламской культуры «Нур Мубарак»**

Стандарты	Отметьте уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел в вузе для каждого стандарта			
	Полное соответствие	Значительное соответствие	Частичное соответствие	Несоответствие
Стандарт 1 Цели образовательных программ и политика в области обеспечения качества	+			
Стандарт 2 Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией	+			
Стандарт 3 Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка	+			
Стандарт 4 Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация		+		
Стандарт 5 Профессорско-преподавательский состав		+		
Стандарт 6 Учебные ресурсы и поддержка студентов	+			
Стандарт 7 Информирование общественности	+			

МАЗМҰНЫ

5
1 ТАРАУ. АУДИТ МАҚСАТТАРЫ МЕН КОНТЕКСТІ
Кіріспе
ЖОО-ның негізгі сипаттамалары 5
2 ТАРАУ. САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТІ ТУРАЛЫ 7
ЕСЕБІ
Мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі 7
Кіріспе
Стандарт 1 8
Білім беру бағдарламаларының мақсаттары және сапаны қамтамасыз ету саясаты
Стандарт 2 10
Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпаратты басқару
Стандарт 3 12
Студенттер, студенттік орталықтандырылған оқыту, білім беру және үлгерімді бағалау
Стандарт 4 14
Студенттерді қабылдау, оқыту нәтижелері, тану және біліктіліктер
Стандарт 5 17
Профессор-оқытушы құрамы
Стандарт 6 19
Оқу ресурстары және студенттерді қолдау
Стандарт 7 21
Қоғамды ақпараттандыру
3 ТАРАУ 24
ҚОРЫТЫНДЫ
ҚОСЫМША 27
Қосымша 1
Сыртқы аудит бағдарламасы
Қосымша 2 30
Сұхбатқа қатысушылардың тізімі
Қосымша 3 34
ЖОО-да қосымша қарастырылған құжаттар тізімі

1 ТАРАУ
АУДИТ МАҚСАТТАРЫ МЕН КОНТЕКСТ

Кіріспе

"Нұр Мүбарак" Египет Ислам Мәдениеті университетіне мамандандырылған (бағдарламалық) аккредитация аясында сарапшылар тобының сыртқы бағалауы 2020 жылдың 4-5 наурыз күндері өтті.

Сыртқы бағалау БСҚА әзірлеген бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Жұмысқа қажетті барлық материалдар: келу бағдарламасы, өзін-өзі бағалау білім беру бағдарламасының үш тілдегі есебі, сыртқы бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық және басқа да құжаттар сараптама тобының мүшелеріне білім беру ұйымына жұмыс басталғанға дейін ұсынылды, бұл сыртқы бағалау рәсіміне уақытылы дайындалу мүмкіндігін қамтамасыз етті.

Академияның өзін-өзі бағалау жөніндегі есебі мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкес ұсынылған, жеткілікті ақпараттармен қамтылған, күшті жақтарымен әлсіз жақтары анықталды, одан әрі даму үшін кейбір мүмкіндіктер айқындалған.

Білім беру ұйымының оқу, тәрбие және ғылыми процестердің ұйымдастырылуы, материалдық-техникалық базасы туралы және олардың стандарттарға сәйкестігі, білім алушылар мен қызметкерлермен олардың жұмыс орындарында жүргізілген сұхбат нәтижелері сыртқы сарапшыларға білім беру бағдарламасының өзін-өзі бағалау есебі сәйкестігіне тәуелсіз бағалау жүргізуге қолайлы жағдай туғызылды. Сарапшылар зертханалармен, «Әбу Ханифа атындағы ғылыми-зерттеу орталығы», ғылыми кітапханалардың және т.б. құрылымдық бөлімшелер жұмыстарымен танысып шықты.

Сыртқы бағалау жүргізу барысында сарапшылар кафедралардың құжат айналымымен, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және материалдық-техникалық қамтамасыз етілумен егжей-тегжейлі танысу мақсатында сабақтарға қатысты.

Оқу орны туралы негізгі мәліметтер

"Нұр-Мүбарак" Египет ислам мәдениеті университеті еліміздің діни және білім беру кеңістігінде белгілі бір бағыттағы жоғары оқу орны және еліміздің рухани өмірінде ерекше орын алатын мекеме ретінде танылды. Ол өзінің жоғары білікті профессор-оқытушылық құрамымен және бәсекеге қабілетті түлектерімен танымал. "Нұр-Мүбарак" университетінің түлектері Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қамқорлығында.

Нұр-Мүбарак ЕИМУ-не 2010 жылдың 29 қыркүйегінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білім аясында білім беру қызметін жүргізу құқығы бойынша мерзімі шектеусіз ҚР БҒМ Білім және ғылым

саласындағы бақылау комитеті тарапынан АБ сериясының № 0137466 мемлекеттік лицензиясы берілген.

2011 жылы "5В021500 - Исламтану" мамандығы ҚР жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтарының жіктеуішіне енгізілді. Соңғы 10 жылда университет 500 - ден астам исламтанушылар, дінтанушылар, тілтанушылар, олардың 300-ден астамы жоғары білімді имамдарды дайындады. 2011 жылдан бастап ҚР БҒМ "5В021500 - Исламтану" мамандығы бойынша бакалаврды, "6М021500 - Исламтану" мамандығы бойынша магистрантты және "6D021500 - Исламтану" мамандығы бойынша докторантты дайындауға мемлекеттік гранттар бөле бастады.

2018 жылдың 1 қыркүйегінде Нұр-Мүбарак ЕИМУ-іне жаңа ректор профессор Мухаммад аш-Шаххат Абдулхамид Мухаммад ал-Жинди, проректоры PhD доктор Қайрат Құрманбаев тағайындалды. Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің ректоры профессор Мухаммад аш-Шаххат Абдулхамид Мухаммад ал-Жинди – ислам шариғатының көрнекті ғалымы. Профессор Мухаммад аш-Шаххат Абдулхамид Мухаммад ал-Жинди әл-Әзhар университетінің шариғат және заң факультетінде оқытушылық қызмет еткен. Ислам фиқһындағы және халықаралық құқықтағы экономикалық даму қағидалары бойынша бірнеше еңбектердің авторы.

Нұр-Мүбарак ЕИМУ «Шетел тілі: екі шетел тілі» Білім беру бағдарламасы 2001 жылы қысқартылған бағдарлама негізінде ашылған. Араб тілі және әдебиеті кафедрасы Нұр-Мүбарак Египет Ислам мәдениеті университеті құрамында арнайы кафедра болып 2001 жылы құрылды. 2018 жылдың қыркүйек айында «Араб және ағылшын тілдері» кафедрасы болып өзгерді, ал қараша айынан бері «Араб және ағылшын тілдер» кафедрасы деп аталады. 2015 жылы университет Білім беру сапасын қамсыздандыру тәуелсіз қазақстандық агенттігінде институционалдық аккредитациядан өткен.

Заңды тұлғаның мекен-жайы:
001000 РК г.Алматы, пр.Аль-Фараби, №73
Тел. 8 (7272) 302-09-45
Факс 8 (7272) 302-09-30
E-mail: **info@nmu.kz**
www.nmu.kz

Мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі
2 ТАРАУ

САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

Кіріспе

6В01701 "Шетел тілі: екі шет тілі" білім беру бағдарламасының мақсаты мамандық стандартына сәйкес және жоғары оқу орнының миссиясына сәйкес білім сапасын арттыруға бағытталған. Еңбек нарығында Қазақстан Республикасында да, одан тыс жерлерде де осы сала түлектерінің жоғары талап етілуі байқалады, бұл жұмыс берушілердің сауалнамасы (93%), ЖОО-ның жұмыс берушілері мен түлектерімен сұхбаттар көрсетеді. Білім беру бағдарламасының мазмұны қазіргі заманғы мамандарды даярлау жоспарының талаптарына сәйкес әзірленген. Жұмыс берушілердің мүдделері мен қажеттіліктеріне, сондай-ақ еңбек нарығының талаптарына сәйкес таңдау бойынша элективті пәндерді енгізу бойынша білім беру бағдарламасының икемділігі, оқу жүйесіне ақпараттық коммуникативтік технологияларды енгізу (мысалы, шет тілдерін оқу кезінде смарт-сыныпты белсенді пайдалану) оқу процесінің мазмұндық жағы жұмысқа орналастыру және жетілдіру үшін маңызды оң сәт болып табылады. Бітіру емтихандарының жоғары көрсеткіштері, дипломдық жұмыстарды қорғау, тәжірибе жетекшілерінің, дипломдық жұмысқа пікір берушілердің оң пікірлері, мемлекеттік аттестаттау комиссиясы төрағаларының қорытындылары, жұмыс берушілердің бітіруші түлектер туралы сыртқы оң пікірлері бітірушілердің жақсы дайындығын көрсетеді. Білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс берушілердің түсініктемесінде бітірушілердің құзыреттілігінің келесі түрлері анықталған: қалыптасқан кәсіби құзыреттіліктің болуы (мамандықтың базалық курсын білу, қазіргі заманғы білім беру әдістері мен технологияларын пайдалана отырып оқу үдерісін ұйымдастыруға ұмтылу, кәсіби және тұлғааралық дағдыларды және білікті дағдыларды меңгеру); әлеуметтік-тұлғалық құзыреттілікті көрсету (білім беру бағдарламасы түлектерінің білімін, іскерлігін, дағдыларын барынша пайдалануға ұмтылысы, кәсіби және жеке өсуге ұмтылысы, қарым-қатынас жасай білу, айналадағы адамдармен қарым-қатынас жасай білу). Білім беру бағытын іске асыру кезінде әрбір білім алушымен жеке жұмыс принципі қолданылады.

Студент пән оқытушысын (тьюторды) таңдаған соң, "Platonus" бағдарламасында негізгі бағдарламадан қалған студенттің жеке оқу бағдарламасы құрастырылады.

Осы бағдарламаны жүзеге асыратын кафедраның ПОҚ-ның ғылыми әлеуеті мен кәсіби құзыреттілік деңгейі инновациялық білім беру саласының талаптарына сәйкес келеді.

Таяу және алыс шетелдердің жетекші университеттерімен халықаралық байланыстар орнату, қолжетімді ақпараттық орта, оқу ресурстарының тиісті деңгейі "Нұр Мүбарак" Ислам мәдениетінің Египет университетінде 6В01701 "Шетел тілі: екі шет тілі" Білім беру бағдарламасын іске асырудың сәйкестігін көрсетеді»

Стандарт 1. Білім беру бағдарламаларының мақсаттары және сапаны қамтамасыз ету саясаты

Дәлелдемелер және талдау:

6В01701 "Шетел тілі: екі шет тілі" білім беру бағдарламасының мақсаты және сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат білім беру бағдарламасының миссиясына сәйкес анықталған, ол жоғары кәсіби және зерттеу құзыреттілігі бар жоғары білікті шетел тілдерінің мамандарын даярлау, инновациялық технологиялар негізінде оқыту және тәрбиелеу процесін жүзеге асыратын, қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін, жоғары білімді бәсекеге қабілетті лингвистерді даярлау болып табылады.

Бағдарламаның негізгі түйінді міндеттері стратегиялық мақсатқа сәйкес тұжырымдалған және мамандарды даярлау сапасын қамтамасыз етуге бағытталған:

1. Мемлекет және қоғам қажеттіліктеріне сай бәсекеге қабілетті, сыни тұрғыда ойлай алатын білікті мамандарды даярлау.
2. Білім беру үдерісін заманауи және ғылыми негізінде ұдайы жетілдіру.
3. Шетел тілі ғылымының теориясы мен тарихын, зерттеу әдістемесін игерген, теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды сабақтастырған, қажетті компетенциларға ие жоғары білікті мамандарды – бакалаврды даярлау.
4. Шетел тілі: екі шетел тілі білім беру бағдарламасы бойынша сапалы және бәсекелестікке қабілетті қамтамасыз ететін білім деңгейіне қол жеткізу.
5. Шетел тілі: екі шетел тілі білім беру бағдарламасы бойынша білім беру үдерісіне қазіргі заманғы ғылыми жетістіктер мен инновациялық оқу технологияларын кеңінен енгізу, теориялық білімді қоғамдық сұраныстың тәжірибелік салаларымен сабақтастыру негізінде оқыту жүйесінің дуалдылығын қамтамасыз ету.
6. Қазақстан Республикасының білім беру саласында (орта мектептерде, бастауыш мектептерде) мамандар даярлау.
7. Шетел тілі: екі шетел тілі білім беру бағдарламасы бойынша мамандардың біліктілігін артыруды және қайта дайындауды қамтамасыз ету.

Стратегиялық мақсат пен міндеттер шетел тілі (ағылшын, араб тілі) мұғалімі педагогтарын (6В01701- Шетел тілі: екі шетел тілі) даярлау арқылы үздіксіз білім беру моделін қалыптастыру мен еңбек нарығын осы білім беру бағдарламасының бәсекеге қабілетті түлектерімен қамтамасыз етуге негізделген. Бағдарламаның білім беру форматы кәсіби білімін біліктілік сипаттамасына сәйкес білім берудің әртүрлі мекемелерінде қолдана алатын және заманауи талаптарға жауап беретін кәсіби құзыреттіліктерге ие, жаңа заманның шетел тілі (ағылшын және араб тілі) мұғалімдерін даярлауға бағытталған.

Білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саласындағы басқарудың өзіндік жүйесін қалыптастыруға, жұмыс берушілердің құқықтық нормалары мен талаптарына сәйкес, білім алушыларға бағыт беру арқылы білім беру қызметтерінің жоғары сапасын қамтамасыз етуге бағытталған.

Үшінші курс студенттерінің өндірістік тәжірибесі "АйСаф" жеке жалпы орта білім беретін мектебінде (ағылшын және араб тілдері), "Абу Ханифа" медресесі-колледжінде (ағылшын және араб тілдері), "Үшқоңыр" медресесі-колледжінде (ағылшын және араб тілдері), Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде (араб тілі) өтеді.

Білім беру бағдарламасының мақсаттарын өзектендіру немесе анықтау үшін, жыл сайын әрбір шығарушы кафедра білім беру бағдарламасының мақсаттарын қою үшін, өз түлегіне қойылатын талаптарды анықтау мақсатында мүдделі тараптардың (білім алушылардың, жұмыс берушілердің) үміттері мен қажеттіліктеріне сәйкес талдау жүргізеді.

Рухани білімге бағытталған білім беру жағдайын жақсарту, көп деңгейлі білім беру мен қосымша діни білім беру мүмкіндіктерін, сонымен қатар интеллектуалды дамуы мен қоғамдық, спорттық өмірге қатысу, түрлі білім беру қызметтерімен қамтамасыз ету, еңбек нарығы мен бітірушілерді жұмысқа орналастыруды бақылау жолдары арқылы қол жеткізіледі; үдерістік және жүйелілік тәсіл білім беру үдерісін бақылауға, студенттердің білім сапасын тексеру нәтижелері мен жоғары басшылық тарапынан университеттің білім беру қызметін үнемі талдауға негізделеді.

Университетте академиялық адалдық Кодексі әзірленіп қабылданған, профессор-оқытушылар ұжымы мен студенттер академиялық адалдық саясатын ілгерілетуді қолдай отырып, өзіндік ұстанымы бар және жан-жақты болуға тырысу байқалады. Жоғары оқу орындарына түсу және жұмысқа қабылдау кезінде тең шарттарды қамтамасыз ету ҚР Конституциясында, «Білім туралы» Заңда, Еңбек туралы Кодексте және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 19 қаңтар 2012 жылғы №111 Қаулысымен бекітілген «Жоғары білім беру кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік қағидаларында» қарастырылған.

Нұр-Мүбарак ЕИМУ-те академиялық адалдық, кәсіби нормалар және этиканы қамтамасыз ету саясаты мен басқа да іс-шаралар жүргізіліп отырады. Академиялық адалдықты, академиялық еркіндікті қолдау және кемсітушіліктен қорғау шаралары университет сайтында көрсетілген. https://nmu.kz/kk/okytushylar-men-studentterdin-ar-namys-kodeksi/

Кемсітушіліктің кез келген түрінен сақтауды қолдау бойынша іс-шаралар қабылданған. Оқытушылар мен студенттер арасындағы өзара сыйластық пен іскерлік серіктестік жағдайын жасау; интеллектуалдық меншік құқығын сақтау (антиплагиат бағдарламасы арқылы тексеру); тәуелсіз емтихан қабылдаушының қатысуымен емтихан алу және т.б.

Жағымды тәжірибелер:

Іске асырылып жатқан бағдарламаның басты жетістігі тек екі шетел тілі саласында ғана емес, сонымен қатар ислам негіздерін меңгерген мамандарды даярлау болып табылады, бұл олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Жақсарту шаралары:

Білім беру бағдарламасын «мектеп-университет-мектеп» өзара әрекеттесудің толық моделіне бағыттау.

1-ші стандартқа сәйкестік деңгейі - толық сәйкес

Стандарт 2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпаратты басқару

Дәлелдемелер және талдау:

Білім беру бағдарламасын басқару үдерісі, білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту, іске асыру және мониторингі сыртқы, ішкі нормативтік құжаттарының толық жиынтығы болып есептеледі.

6В01701-«Шетел тілі: екі шетел тілі» ББББ-ның мазмұны кәсіби әлеуеттік құзыреттілікті ғылыми, теориялық және тәжірибелік бағдарлаудың талаптарына сәйкес жасалынған.

Білім беру бағдарламасына енгізілген оқу пәндері бітіруші меңгеруі тиіс кәсіби және әлеуметтік-тұлғалық құзыреттіліктерді ескере отырып әзірленген. Мәселен, ББББ сапасын көтеру мақсатында университет әкімшілігі тарапынан «Ақида», «Құран Кәрім», «Дінтану негіздері» және «Араб тілі» пәндері ЖОО міндетті пәні ретінде енгізілген.

Студенттер мен жұмыс берушілердің мүдделері мен қажеттіліктеріне, сондай-ақ еңбек нарығының талаптарына сәйкес таңдау бойынша элективті пәндерді енгізу бойынша білім беру бағдарламасының икемділігі байқалады. Сұхбаттасу барысында жұмыс берушілер оқу жоспарларын құрастыруда қоғамның және еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес белгілі бір элективті курстарды енгізу бойынша түрлі ұсыныстар беріп, өздерінің белсенді қатысқанын атап өтті. Аударма қызметін жүзеге асыру кезінде түлектерге түрлі қолжазбалармен жұмыс істеуге, іскерлік хат алмасуға және тіл тасымалдаушылармен қарым-қатынас жасауға тура келеді. Нәтижесінде, жұмыс берушілер "Араб каллиграфиясы және қолжазбалар", "Шет тілінде іс қағаздар жүргізу", "Оқитын шетел тілінің мәдениеті" элективті курстарын

ұсынған және олар 6В01701 "Шетел тілі: екі шет тілі" негізгі білім беру бағдарламасына енгізілген.

Білім беру бағдарламасы жүйесінде көрсетілген қалыптасатын негізгі құзыреттердің, кәсіби модульдер блогына кіретін нақты модульдердегі интеллектуалдық және академиялық дағдылардың өзара байланысы көрініс тапқан, ал тәжірибелік дайындықты көрсететін құзыреттер тәжірибе модулінде, қорытынды аттестаттау, қорытынды модульдерінде көрінеді. Міндетті компонент бойынша білім беру бағдарламасының мазмұны МЖМБС және типтік оқу жоспары талаптарына сәйкес келеді.

Білім беру бағдарламасының оқу жоспарының міндетті компоненті бойынша жұмыс оқу жоспарының құрылымы мен мазмұнына сәйкес келеді. ББББ жұмыс оқу жоспары құрамында курстар бойынша оқу процесінің кестесі, кредит саны көрсетілген модульдер тізімі бар.

Таңдау бойынша модульдерге берілген кредиттер семестрлер бойынша тең бөлінген. Білім беру бағдарламасының мазмұны үйлесімде отандық және кейбір шетелдік жоғары оқу орындарының ұқсас бағдарламаларымен үйлестірілген, ECTS («Кредиттік технология бойынша оқыту ережелері») типі бойынша кредиттерді қайта тапсыру тәртібі бекітілген.

Оқу жоспарының міндетті компоненті білім беру бағдарламасының мазмұны оқу жоспарының міндетті компоненті бойынша міндетті компонент ҚР ТОЖ-на (2010, 2013, 2016) сәйкес келеді және оған жалпы міндетті компоненттің 21 модулі кіргізілген.

Элективті курстар блогында шетел тілдері бойынша "Аударма теориясы", "Аударманың практикасы", "Шетел тілінің лексикологиясы" және т.б арнайы пәндер берілген.

Барлық курстар пәндердің жұмыс бағдарламаларымен қамтылған. "Араб тілінің лексикологиясы", "Ағылшын тілінің теориялық грамматикасы", "Шет тілін оқыту әдістемесі" және т. б. курстар көрсетілген, бірақ барлық курстардағы әдебиеттер тізімі ана тіліндегі жаңа оқулықтармен толықтырылмаған және Интернет-ресурстарына сілтемелер жасалынбаған.

Жағымды тәжірибелер:

Жұмыс берушілердің, студенттердің және еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес элективті курстарды жаңарту.

Жақсарту шаралары:

1. 6В01701 «Шетел тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасына мамандықтарды оқыту барысында салыстырмалы үрдісті жүзеге асыру мақсатында «Салыстырмалы типология», «Араб және ағылшын тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» пәндерін енгізу.

2. Жұмыс бағдарламаларындағы пәндердің негізгі әдебиеттерін жаңарту, Интернет-ресурстарды көрсету, ана тіліндегі әдебиеттерді қосу (Араб тілінің лексикологиясы, Ағылшын тілінің теориялық грамматикасы, Шет тілін оқыту әдістері және т.б.)

2-ші стандартқа сәйкестік деңгейі - толық сәйкес

Стандарт 3. Студенттер, студенттік орталықтандырылған оқыту, білім беру және үлгерімді бағалау

Дәлелдемелер және талдау:

Студенттердің өзін-өзі басқаруы – студент жастардың шешімдерді қабылдауда, университеттің барлық органдарына студенттердің ұсынылуында, студенттердің жаңа өкілдеріне оқыту треннингтерін өткізуде, студенттерді ақпараттандыру және сұрақтар бойынша келісу жүргізуде көрініс табады. Студенттердің ЖОО басқаруда тең қатысуы құқығы ҚР заңдарымен, ішкі ережелермен сондай-ақ ішкі құжаттармен сәйкес іске асырылады.

Оқу жүктемесін құрастыру кезінде білім алушылардың жеке ерекшеліктері, қажеттіліктері және мәдени тәжірибелері ғылыми білім беру қызметінде жүзеге асырылады: элективті курсты таңдауда, іс-тәжірибе базасын таңдауда, диплом жұмысының тақырыбын анықтауда, диплом жетекшіні таңдауда, білім алушының ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуда (ғылыми жобалар) т.б. Студенттердің жеке мінездемелерін есепке алуды эдвайзер жүзеге асырады, сондай-ақ білім алушылардың академиялық ұтқырлық бойынша бағдарламасын оқу әдістемелік басқарма үйлестіреді, эдвайзер туралы Ережеге сәйкес білім алушыға, білім алу жоспарын жасауға бакалавриатта білім алу барлық кезеңіне эдвайзер көмек көрсетеді. Білім алу үдерісін ұйымдастыруда эдвайзер барлық ақпараттық материалдарды алуға көмектеседі, жеке оқу жоспарын дайындап білім алушыға электронды түрде ұсынады, методикалық материалдардың бар болуына және ұқыпты дайындалудың аралық және қорытынды аттестациялауын барлық пән бойынша қадағалайды.

Мамандықтың білім беру бағдарламасы модульдердің сәйкес келуінің құрылымымен қамтамасыз етіледі, білім беру мақсатына міндетті және таңдау компонеттерінің сәйкес келуін қарастырады. Нақты пәндерді оқытудың нәтижесі пән компетенциясы және білім берудің қорытынды нәтижесі сипатталады.

Білімін бағалаудан білім алушының құзыреттерін бағалау, білім алу нәтижесі - бұл студенттің нақты деңгейге жету, бұл барлық білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін студент не істей алу керек нәтижесі.

Білім беру бағдарламасын оқыту нәтижелері келесі салаларда негізгі құзыреттілікті меңгеруді қамтиды: ана тілі, шет тілдері; іргелі математикалық, жаратылыстану ғылымы және техникалық дайындық; компьютерлік технологиялар; әлеуметтік-мәдени қызмет; оқу қызметі; кәсіпкерлік, экономикалық қызмет.

Емтихан сұрақтары мен тесттерді модульдік жұмыс бағдарламасына сәйкес лектор жасайды және Блум таксономинде түрлі деңгейде көрсетеді. «Білім беру бағдарламасын кафедра студенттерге халықаралық анықтылығын және объективті академиясы және кәсіби жіктелуінің мойындалуын түсіндіреді» (диплом, дәреже, сертификат т.б.).

Білім беру нәтижесінің мазмұнын, мәртебесін, деңгейін жан-жақты сипаттайды.

Академиялық ұтқырлық, бірінші кезекте, араб тілі бойынша, Египет Араб Республикасымен (ЖОО-ның құрылтайшы тараптардың бірі) және басқа да араб тілді елдерімен тығыз қарым-қатынас орнату мүмкіндігін көрсетеді.

Ғылыми конференцияларға және ҒЗЖ-на қатысу арқылы студенттер өз белсенділіктерін көрсетеді. Студенттердің араб тілін жоғары деңгейде меңгергендігі байқалада, бұл республикалық студенттік пәндік олимпиадаларда шет тілі бойынша жүлделі орындар алуымен расталады. Сондай-ақ, араб және ағылшын тілдерін жақсы меңгерген мамандарға сұраныстың жоғары болуына байланысты студенттердің осы тілдерді үйренуге деген ынталарын білдіреді.

Шетел тілдері бойынша коммуникативтік дағдыларды жетілдіру үшін смарт-класты пайдалану оң тәжірибе болып табылады.

Сабаққа қатысу барысында, екінші курс студенттері араб тілі грамматикасының (оқытушы, ғылым кандидаты Мухитдинов Р.С) ережелерін шетелдік әдіс-тәсілі негізде жақсы деңгейде меңгергендігі байқалады. Бір сабақтың ұзақтығы 50 минут. Сабаққа 17 студент қатысты, екі студент себепті жағдайларға байланысты қатыса алмады.. Сабақ толығымен оқылатын шет тілінде жүргізіледі. Сабақ тақырыбы ('Аламату раф') ATG 2419 "Араб тілінің грамматикасы" пәнінің оқу бағдарламасына сәйкес келеді (құрастырушы Р.С. Мухитдинов), академиялық кредит саны - 4 (180 академиялық сағат). Алайда, Силлабуста көрсетілген негізгі және қосымша әдебиеттер тізімінде тек араб тіліндегі деректер ұсынылған, бұл студенттердің ана (қазақ, орыс) тіліндегі дереккөздерге сүйене отырып, өз бетінше тілдің грамматикалық ерекшеліктерін үйренуіне мүмкіндік бермейді.

Практикалар бойынша есептер (бірінші курста - оқу-танысу, екінші курста - педагогикалық, үшінші курста - өндірістік білім беру мекемелерінде

және олармен келісім-шарттар жасалған) кәсіптік және педагогикалық модульдер бөлігінде оқу білім беру бағдарламасының базалық компонентін іске асыру нәтижесі ретінде кәсіптік құзыреттілікті меңгеруге бағытталғандығы осы қызмет түрінің тиімділігін көрсетеді.

Дипломдық жұмыс тақырыптары 6В01 "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласына, 6В017 "Тіл және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау" бакалаврларын дайындау бағытына және 6В01701 - «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасына сәйкес келеді.

Жақсарту шаралары:

1. Ағылшын тілінде тәжірибеден өту үшін сол тілде сөйлейтін елдермен академиялық ұтқырлықты арттыру.
2. Силлабустардағы негізгі және қосымша әдебиеттер тізіміне қазақ және орыс тілдеріндегі оқулықтарды қосу керек.

3-ші стандартқа сәйкестік деңгейі - толық сәйкес

Стандарт 4. Студенттерді қабылдау, оқыту нәтижелері, тану және біліктіліктер

Дәлелдемелер және талдау:

Қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің

2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген «Жоғары білім берудің кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алуға қабылдаудың үлгі ережесіне» сәйкес жүзеге асырылады және студенттік контингентті қалыптастыру мақсатында Нұр-Мүбарак ЕИМУ-ге қабылдау тәртібін анықтайды. Жыл сайын бакалавриатқа оқуға қабылдау жоспары және ағымдағы оқу жылына арналған кәсіби бағыт беру жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітіледі. Нұр-Мүбарак ЕИМУ-ге студенттерді қабылау олардың өтініштері бойынша Бірыңғай ұлттық тестілеу (ҰБТ) нәтижелері бойынша берілген сертификат ұпайларына сәйкес конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Университетке жалпы орта, кәсіптік бастауыш (техникалық және кәсіптік), кәсіптік орта (орта білімнен кейінгі) және жоғары білім алған тұлғалар қабылданады.Адамдарды қабылдау мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (білім беру гранты) есебінен, сондай-ақ өз қаражаты және басқа да көздер есебінен оқу жолымен жүзеге асырылады. Ұлттық бірінғай тест ағымдағы жылы жалпы орта білім берудің жалпы білім

беру бағдарламаларын меңгерген білім беру ұйымдарының түлектеріне, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептердің қазақ және орыс тілдеріндегі түлектеріне, республикалық музыкалық интернаттардың түлектеріне арналған. Конкурстық тестке өткен жылғы жалпы орта білім беру (Жалпы орта) ұйымдарының түлектері, техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік) ұйымдардың түлектері, орта білімнен кейінгі білім беру, Жалпы білім беру мектептерінің түлектері, халықаралық оқушылар алмасу арқылы шетелде оқыған бітірушілер, сондай-ақ шетелде білім беру мекемелерін бітірген бітірушілер қатыса алады.

Ақылы негізде қысқартылған мерзімде жоғары оқу орнына тұлғаларды қабылдауды Қабылдау комиссиясы әңгімелесу негізінде жүзеге асырады. Университетке мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға қабылдауды ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы әзірлеген технологиялармен өткізілген бірыңғай ұлттық тестілеу (бұдан әрі - ҰБТ) сертификаттарына сәйкес азаматтардың өтініштері негізінде жүзеге асырады. Мемлекеттік білім беру гранты байқауына қатысу үшін ҰБТ тапсырған тұлғалар тестілеу нәтижелері бойынша кемінде 50 ұпай жинаған, оның ішінде Қазақстан тарихынан, математикалық сауаттылықтан, оқудың сауаттылығына - оқу тілінен кемінде 5 балл жинаған тестілеуге қатысқан тұлғалар үшін , сондай-ақ шығармашылық емтихандарды тапсыруды талап ететін мамандыққа кіретіндерден басқа, әрбір мамандық пәні бойынша 5 балдан кем болмауы тиіс.

Мемлекеттік білім беру грантын алуға техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі бағдарламалық білім беруді жүзеге асыратын ұйым түлектеріне ұқсас мамандықтарға қысқартылған білім бағдарламасын жеделдетілген мерзімде оқу үшін кем дегенде 25 ұпай жинау тиіс, соның ішінде пән бойынша кем дегенде 5 ұпай болуы тиіс.

Бакалавриатты даярлау бойынша білім беру үдерісін аяқтаудың негізгі критерийі - студенттің теориялық дайындықтың 240 кредитін меңгеруі болып табылады, соның ішінде дипломдық жұмысты (жобаны) дайындауға, жазуға және қорғауға 12 кредит болып табылады. Жоғары білім берудің кәсіптік білім беру бағдарламасын игерген және қорытынды аттестаттаудан өткен стажерге тиісті «бакалавр» академиялық дәрежесі беріледі және мемлекеттік үлгідегі қосымшасымен диплом беріледі (транскрипт).

Қорытынды аттестаттаудан және тиісті жоғары кәсіби білім беру бағдарламасын меңгергендігін растаған студенттерге МАК шешімі бойынша «бакалавр» академиялық дәрежесіне беріледі немесе дипломдық жұмыс (жобаны) қорғаған күннен бастап бір ай ішінде мемлекеттік үлгідегі дипломмен тегін беріледі. Дипломның үш тілде жазылған қосымшасы студенттің (білім алушының) қорытынды аттестацияның нәтижелері мен тәжірибе түрлері, тапсырылған курстық жұмыстар (жобалар), жалпыға міндетті білім беру стандарты мен жұмыс оқу жоспарында қаралған көлемде

барлық пәндер бойынша алған біліміне сәйкес орындалғандығы туралы анықтама негізінде толтырылады. Дипломдық қосымшада әрбір академиялық пән бойынша соңғы бағалар кредиттер мен академиялық сағаттардың көлемін көрсете отырып, балдық-рейтингтік әріптік білім бағалау жүйесінде жазылады.

"Platonus" бағдарламасы оқу қызметін үйлестіруге бағытталған (білім беру бағдарламасының оқу жоспарлары, студенттің жеке оқу бағдарламасы, студенттердің академиялық үлгерімі, оқу пәндерінің кестесі, пәндердің жұмыс жоспарлары, оқу үрдісін әдістемелермен қамтамасыз ету және т. б.).

Түлектер және жұмыс берушілермен сұқбаттасу барысында "шет тілі мұғалімі" мамандығы бойынша жұмысқа орналасу әлсіз, негізінен түлектер ағылшын және араб тілдерін жақсы меңгерулеріне байланысты басқа қызмет түрлеріне баратындығын білдірді, сонымен қатар бұл Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде ағылшын тілін шет тілі ретінде оқытуымен байланысты.

Жағымды тәжірибеле:

Студенттердің академиялық үлгерімін бақылаудың электрондық жүйесін пайдалану, оның ашықтығы оқу сапасын арттыруға оң әсер етеді.

Ескерту:

"Шет тілі мұғалімі" мамандығы бойынша жұмысқа орналасу әлсіз, негізінен бітіруші түлектер ағылшын және араб тілдері бойынша басқа қызмет салаларында жұмыс атқарады.

Жақсарту шаралары:

1. Қазақстанның оқу орындарына араб тілінің мұғалімі ретінде жұмысқа орналасу.
2. Шетел азаматтарын білім беру бағдарламасына тарту.
3. Талапкерлерді университетке тарту бойынша кәсіби жұмысты жандандыру.

4-ші стандартқа сәйкестік деңгейі: Елеулі сәйкестік

Стандарт 5. Профессор-оқытушы құрамы

Дәлелдемелер және талдау:

Университеттің кадр саясаты профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің құрамының сапалы болуына, оларды үйретуге және университеттің миссиясының білім беру бағдарламасын жүзеге асыру барысында әлеуметтік қолдау көрсетуге бағытталған.

ЖОО профессорлық-оқытушылық құрамның атқаратын лауазымдарына сәйкес біліктілік деңгейіне, белгілі бір білім саласындағы ғылыми дайындықтың жоғары деңгейіне кепілдік беруі тиіс. Білім беру қызметінің сапасы көптеген факторларға байланысты. Олардың ішінде ЖОО әкімшілігі тарапынан жүйелі түрде талданатын ПОҚ-тың және қызметкерлердің біліктілігі аса өзекті болып табылады.

Оқу жұмыстарымен қатар бақылау шаралары да қарастырылған. Бақылау шараларына ағымдық бақылау, жарты семестрлік емтихан, аралық аттестация/қорытынды бақылау, қорытынды аттестация жатады. Дәрістерді жүргізу профессорлар, доценттер, аға оқытушыларға жоспарланады.

Университетте дәріс оқу үшін шетелдік мамандар (Египет Араб Республикасы: Александрия университеті, Каир университеті, Айн-Шамс университеті, Әл-Азхар университеті) және өндірістік тәжірибе жүргізілетін мекемелердің мамандары (Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) тартылады. Семинар сабақтарын оқытушылар мен ассистенттер өткізеді. Оқу сабақтарын ұйымдастырылуы мен жүргізілуі мақсаттық тиімділік шеңберінде мамандықтар бағыты, тілдік бөлім және олардың оқу түрін ескере отырып пәндерді таңдаған білім алушылардан құрастырылған академиялық (пәндік) топтар (семинарлар, тәжірибелік сабақтар) және ағымдар (дәрістер) бойынша жүзеге асады.

Араб және ағылшын тілдер кафдерасында жүктемені бөлу кезінде оқытушының оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу қызметтері және тәрбие жұмысының арақатынас тепе-теңдігі сақталады.

